

**№41 мектеп-лицейінің Қамқоршылық кеңес отырысының
№4 хаттамасы**

Өткізілген күні: 03.03.25 жыл.

Өткізілген уақыты: 18:00

Өткізілген орны: №41 мектеп-лицейі

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері,
Директордың әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Ж.Ж.Жолдасбаевна.

Күн тәртібінде:

1. Мектепте өткізілетін қамқорлық акцияларына қатынасу, демеушілік көмектер ұйымдастыру, жоба бойынша оқушыларды марапаттауды ұйымдастыру.

Тыңдалды:

№41 мектеп – лицейінің ДӘІЖ орынбасары Ж.Ж. Жолдасбаева биылғы оқу жылының соңында оқушылардың білімділік, тәрбиелік және зияткерлік әлеуетін дамытуда ынталандыру жүйесін қалыптастыру мақсатында «Пән бойынша «Лицей үздігі - 2025» атағын беру және «Лицейдің үздік шәкірті - 2025» атағын беруде үздік шәкірттерді анықтау тәртібі, қорытындысын шығару және марапаттау ережесімен қамқоршылық кеңес мүшелерін таныстырып өтті.

Сөз алды:


Қамқоршылық кеңес төрайымы П.С.Ниетова «Лицей аруы - 2025» байқауына қатысушыларды марапаттап, қаржылай қолдау көрсетіп және алдағы уақытта оқу-тәрбие үдерісінде мектептегі білім беру жүйесін дамыту, оқу жылы соңында қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық дәрежедегі аталған пән бойынша сайыстардың жеңімпаздары арасынан бір оқушы таңдалып білім додасындағы жетістіктері бойынша ережеге сай марапаттауды қолдайтындығын айтты.

Қамқоршылық кеңес мүшелері өз ұсыныстарын ортаға салып «Лицей үздігі - 2025» атағына лайық оқушыларды анықтап, білім алушыларды оқу-тәрбие үдерісінде ынталандыру, білімге деген қызығушылықтарын артыру

үшін ұсынылған ережені құптап оқушыларды марапаттауды ұйымдастыруды бір ауыздан қолдады.

Қаулы:

1. 2024-2025 оқу жылы қорытындысы бойынша «Лицей үздіктерін» ережеге сәйкес анықтап, жүзеге асырылуы мектеп әкімшілігіне жүктелсін және марапаттауға қаржылай қолдау көрсетілсін.

Төрайым:  П.С. Ниетова

Хатшы:  С.С. Тәжен